

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 574 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесі», Қызылорда қаласы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекемені әділет органдарында қайта тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*